

БҰЙРЫҚ

№ 60

2021жылғы 31 тамыз

«Оқу жылының басталуы мен каникул мерзімін айқындау туралы.»

2021-2022 оқу жылының басталуына байланысты, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында дәстүрлі «Алғашқы қоңырау» мерекесін жоғары деңгейде өткізу, оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау және Келес ауданының адами әлеуетті дамыту білім бөлімінің 31.08.2021 жылғы № 199 бұйрығын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН.**

1. «1-Қыркүйек – Білім күні мерекесі» 1-қыркүйек күні **«ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ 2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ»** тақырыбы аясында жалпы білім беру ұйымдарында алғашқы сабақ **«Тәуелсіздіктің жетістіктері»** тақырыбында барлық сыныптарда біріңғай ұйымдастырылсын.
2. Жалпы орта білім беретін ұйымдарда 2021 жылдың 1 – қыркүйек күні мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндерге салтанатты түрде санитарлық талаптарды сақтай отырып **«Әліппе»** және **«Букварь»** оқулықтары табыс етілсін.
3. 2021 жылдың 1-қыркүйек күні сағат 09-00-де мектеп мекемесінде **«Алғашқы қоңырау»** мерекесі мектеп қабырғасында тек 1-сыныптарға өткізілсін.
4. Санитарлық талаптарды назарға алып, ата-аналармен заңды өкілдері арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.

2020-2021 оқу жылының басында, ұзақтығы, каникул кезеңі орта білім беру ұйымдарында меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2020-2021 оқу жылының басталуын, ұзақтығын каникул кезеңдерін айқындау туралы» ҚР БҰМ 2021жылғы 27 шілдедегі №368 бұйрығымен бекітілген :

- 1) 2021-2022 оқу жылының басталуы 2021-жылғы 1 қыркүйек ;
- 2) оқу жылының ұзақтығы : 1-сыныптарда 33 оқу аптасы , 2-9 сыныптарда 34 оқу аптасы ;
- 3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері :
1-9 сыныптарда
Күзгі -7күн (2021 жылғы 1-7 қарашаны қоса алғанда),
Қысқы -11 күн (2021 жылы 30 желтоқсаннан бастап 2022-жылғы 9-қаңтарды қоса алғанда)
Көктемгі -12күн (2022жылы 19-30 наурызды қоса алғанда);
1-сыныптарда : қосымша каникул -7 күн (2022 жылғы 7-13 ақпанды қоса алғанда)

Мектеп директоры:

Ө.Ахметов.

